"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01, РММ коды 2170025,
СТТН 582100008585, ЖСК KZ 92070101 KSN 0000000,
БСН 000440001616, ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01, Код РГУ 2170025,
РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000,
БИН 000440001616, Департамент Казначейства по ЮКО

№ 09-15/2184
26.04.2018ж.

«Қыдырбай-Ата-12»
ЖШС-нің директоры
К.К.Турекуловқа
ОҚО, Қазығұрт ауданы,
Қазығұрт ауылы, Қаратас
көшесі, 4

Сіздің мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы келіп түскен 11.04.2018ж. №10494 және 13.04.2018ж. №10830 арыздарыңызға

ОҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті тарапынан, «Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен www.goszakup.gov/kz веб-порталында ашық конкурс тәсілімен өткізілген №2205608-1 «ОҚО, Арыс қаласы Монтайтас ауылдық округі, Монтайтас елді мекенінің әкімшілік ғимараты құрылысы» жұмыстарын мемлекеттік сатып алу» электрондық мемлекеттік сатып алу процедурасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнамаларына сақталуына камералдық бақылау жұмыстары жүргізіліп, Сіздің мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы келіп түскен 11.04.2018ж. №10494 және 13.04.2018ж. №10830 арыздарыңыз назарға алынды.

Камералдық бақылау жұмыстарының нәтижесінде, конкурстық комиссия тарапынан ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (әрі қарай – Қағидалар) 382 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші «Қыдырбай-Ата-12» ЖШС-нің жұмыс тәжірибиесіне шартты жеңілдік берілмегені анықталды. Себебі, Қағидалардың 382 тармағына сәйкес, конкурстық баға ұсынысына әсер ететін шартты жеңілдік, консорциялық келісімде айқындалған консорциум қатысушыларының біріне қатысты қолданылады. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу шарты – конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарт қолданылған консорциум қатысушысымен жасалады. Аталған әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтініміне тіркелген, консорциялық келісім мен сенімхатқа сәйкес, тапсырыс берушімен келісім-шартқа тұру – Қыдырбай-Ата-12» ЖШС-не

жүктелген. Ал, Қыдырбай-Ата-12» ЖШС-нің біліктіліктер туралы мәліметтерінде, ұқсас жұмыстарды орындау бойынша мәліметтер көрсетілмеген.

Аталған жауаппен келіспеген жағдайда, Сіздің Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтінішті қарау бойынша жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді түсіндіреміз.

Басшының орынбасары **Қ.Т.Сапарбеков**

Орын: Б.Мамутов
тел: 35-06-06